

Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 20 сәуірдегі N 377 Жарлығы.

Қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүйесін жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттің жүйелі сипатқа ие болғанын, құқық қорғау органдары жұмысының негізгі бағыттарының біріне айналғанын ескере отырып және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес деңгейін көтеру мақсатында:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың стратегиялық және тактикалық шаралар жүйесін тұжырымдау және жетілдіру үшін тоқсан сайын Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырыстарына еліміздің ұлттық қауіпсіздігіне қатер болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері қойылсын;

2) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы Республика Президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі Көмекшісі - Республика Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысымен бірлесе отырып, бір ай мерзімде Мемлекет басшысына елдің экономикалық қауіпсіздігінің жай-күйі мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін жауап беретін Қауіпсіздік Кеңесінің жұмыс органын құру туралы ұсыныстар енгізісін;

3) Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссиясының мүлкі мен істерін басқару жөніндегі өкілеттігі Президент Әкімшілігіне беріле отырып таратылып, құқық қорғау органдарының жұмысын үйлестіру мен бақылауды Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Құқық қорғау жүйесі бөлімі жүзеге асырсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2008.04.24 N 576; 17.04.2019 № 26 Жарлығымен.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметі:

1) 1 қазанға дейінгі мерзімде Қауіпсіздік Кеңесінің жұмыс органдарымен бірлесе отырып, қаржылық және өзге де материалдық ресурстардың заңсыз айналымының алдын алудың және тыюдың ұйымдық-құқықтық және экономикалық шаралары кешенін көздейтін Экономика саласындағы құқық бұзушылыққа қарсы күрес тұжырымдамасының жобасын әзірлеп, Мемлекет басшысының қарауына енгізісін;

2) 1 қарашаға дейінгі мерзімде Қылмысқа қарсы күрес бағдарламасын әзірлеп бекітсін;

3) 2001 жылға арналған республикалық бюджеттің жобасында қаржыны ұтымды пайдалану және қайта бөлу есебінен судьялар мен құқық қорғау органдары

қызметкерлерінің еңбекақысын олардың құқық тәртібі мен қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз етудің нақты міндеттерін орындауға қатысу дәрежесіне қарай сараланған еңбекақы тағайындай отырып көбейтуді көздеріне;

4) жергілікті атқарушы органдардың құқық тәртібін қамтамасыз етудегі рөлін көтеру жөнінде шаралар қолдансын, бұған кінәлі жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғаларының жауапкершілігі жөнінде мәселе қоя отырып, қылмыстық ахуал неғұрлым шиеленіскен аймақтар әкімдерінің есептерін Үкімет отырыстарында қарасын;

5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының қатысуымен ұйымдасқан ұлтаралық сипат алған қылмыспен күресте құқық қорғау органдары арасында халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуге шаралар қолдансын;

6) осы Жарлықтан туындаған өзге де шаралар қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі бір ай мерзімде Мемлекет басшысына тәртіптік ретпен жазаланатын сыбайлас құқық бұзушылық жасаған әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік істерін қарау жөнінде Агенттік пен оның жергілікті органдарында қарауға өкілеттіктер беру жайында ұсыныстар енгізісін.

4. Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері құқық тәртібін қамтамасыз ету үшін дербес жауапты болады деп белгіленсін.

Аталған әкімдер:

1) бас бостандығынан айыру мекемелерінен босатылған адамдардың әлеуметтік оналту мәселелерін шешу жөнінде шаралар қолдансын;

2) жасөспірімдер мен жастар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу, маскүнемдік пен нашақорлыққа қарсы күрестің аймақтық бағдарламаларын қабылдасын әрі іске асыруды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі:

1) құқық қорғау органдарының қызметіне мониторингті жүзеге асырсын, олардың жұмысын үйлестіруді күшейтсін, құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізісін;

2) осы Жарлықтың орындалуын бақылауды қамтамасыз етсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Оқығандар: Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.